

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

КОНСТИТУЦИЯ-ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АЙҒАҒЫ

Сақи Қымбат

(kymbat_98.kz@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің

халықаралық құқық мамандығының

1курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Хамзина М.Ғ

Конституция латын тіліннен (constitutio) – заң, тұрақтылық деген маңынаны білдіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды және 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. Ол кіріспеден, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрады.[1]

1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау учаскелерінде жүрді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады.[2]

1995 ж. желтоқсанда екі палаталы (жоғарғы палаталы — Сенат, төменгі палаталы — Мәжіліс) Парламентке сайлау өткізілді.

Конституция мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады. Ол мемлекеттілік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады. Бұл тәуелсіз Қазақстанның қабылдаған екінші конституциясы. Алдыңғы конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын.

Қазақ елінің Конституцияларының тарихына көз жүгіртсек. Қазақ Совет социалистік республикасы совет мемлекеттердің одағында болғанда халық бірінші — Сталиннің (05.12.1936ж) және Л.Брежневтің кезіндегі қабылдаған 25.10.1977ж Конституциялармен өмір сүрді. Аталған Конституцияларда көрсетілген әр бір ел өз еркімен одақтан шығуға болады, өкінішке орай ол іске аспай қалды, себебі мемлекетте егемендік болған жоқ. Мемлекеттің бір негізгі белгісі ол егемендік.

1990 жылы 25 қазанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Декларация қабылданды, ал 1991 жылы 16 желтоқсанда біз өз егемендімізді, тәуелсіздігімізді алдық. 28 қаңтарда 1993 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесінің тоғызыншы сессиясында дербес, тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда бүгінгі азаматтарымыз өмір сүріп жатқан Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды.

Конституция — мемлекеттің, оның ішінде қоғамның тынысын, елдің қатынасын реттейді. Мемлекет, қоғам әрдайым заңсыз болған емес. Сондықтан адам үшін маңызды заңның бірі Ата заңымыз Конституция. Көптеген елдер оқу орындарында Конституцияны басты пәнінің бірі етіп оқытады. Заң сыйламайтың, білмейтін маман ертең еліне қызмет ете алмайды, пайда келтірмейді.

Дегенмен де қазақ даласында мемлекеттілік болғанынан бастап, сол XIII-XV ғасырдан бері бізге белгілі, Алтын орда дәуіріндегі Шыңғысханның «Ясасы», Қазақ хандығы тұсындағы «Қасым ханның қасқа жолы», одан кейін «Есім ханның ескі жолы», Тәуке хан тұсында «Жеті жарғы» пайда болды. Қасым ханның заңында «қанға қан» принцип болса, Тәукенің «Жеті жарғысында» «қанға құн» принципі қосылды.

Конституция бүгінгі күн мен болашаққа арналып жазылады, қабылданады. Конституциясыз мемлекет тіршілік жүргізе алмайды, Ата заңсыз мемлекет болмайды, Конституция – тірек заңымыз. Ал осы заңның негізінде басқа заңдар қабылданып, тармақталып жатады. Мемлекеттің болашағы, тағдыры қабылданған Конституция қағидаларына байланысты. Осы ебептен Ата заңды – Конституцияны құрметтеу қажет.

Жақында 30 тамызда біз өз еліміздің Конституциясының 15 жылдығын атап өттік. Соған арналған конференцияда Ел басымыз Н.А.Назарбаев Конституцияны дамыту туралы шаралап айты. Конституцияның басты идеясы – адамның құқығын сыйлау. Барлық заңдар Конституцияға сай болу қажет. Заң біздің күнделікті жүріс тұрысымызды бір қалыпқа келтіріп отырады. Біздің біреуден жәбір көрмеуімізді және біреуге жамандық жасауымызды қадағалмайды.

Конституция – азаматтарымыздың отаншылық сезімін күшейтеді. Оқу орындарында, басқа да мекемелерде Конституция күнінің маңыздылығы туралы үнімі түсіндіріліп отыру керек. Қазақстан халқын біріктіретін, құқықты орындататын ол Ата заңымыз – Конституция.

Кәзіргі таңда қоғамда Конституциялық мәдениет қалыптасып келеді. Адам болғасын заң бұзушылықтар болып тұрады, бірақ оны заңмен реттейтін институтар, органдар бар. Солардың жұмысын жетілідіру қажет. Соның бір жетістігі, жуырда Елбасымыз қабылдаған құқықтың реформа.

Конституцияның ерекше белгілерін айқындай отырып, құқықтанушылар, оны ұлттық құқықтың басқа көздеріне қарағанда қоғам мен мемлекетте ең жоғары заңдық күші бар құқық нормаларының жүйесі деп тұжырымдайды. Ол бір жағынан адам мен қоғамның, екінші жағынан адам мен мемлекеттің арасындағы қатынастар негізін, сонымен бірге мемлекеттің өзінің ұйымдастыру негіздерін қоғамдық және конституциялық құрылыстың негіздерін, адам мен азаматтың негізгі құқықтарын, бостандықтарын, міндеттерін, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару буындарын ұйымдастыру және олардың қызметі қағидаттарын бекітуші әрі реттеуші негізгі заң болып табылады. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясы елімізде қолданылып жүрген барлық заңдардың іргетасын қалайды, оның заңдарының заңы болуы шындық, ақиқат. Ал, ағымдағы заңдар осы конституциялық қағидат қалыптарын әрі қарай дамытушы күш ретінде есептеледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы сөз қозғағанда тәуелсіздік алуға, өзіміздің Конституцияны қабылдауға себеп болып табылған кейбір тарихи сәттерді атап өткен жөн.

Қазақстанда конституциялық құрылыс идеялары өз қайнар көзімен ғасырлар бойы жалғасын таба бермек. Олардың қалыптасуына «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты XV-XVIII ғасырлардың заңдар жинағы маңызды рөл атқарды.

Ел тарихында бес Конституция болған, соның ішінде қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы Конституция. Бұған дейінгі қолданылған Конституциялар 1926, 1937, 1978 және 1993 жылдары қабылданды.

1926 жылы қабылданған бірінші қазақстандық Конституцияның декларациядан ешқандай өзгешілігі болған жоқ. Ол мазмұны және нысанымен РКФСР Конституциясына сәйкес келіп, декларацияның барлық ережелерін енгізген болатын. Қазақстан Кеңес Федерациясының тура субъектісінің мәртебесін алсада, нақты, заңды түрде де тәуелсіздігімен атазаңдығына ие болған жоқ.

Қазақстанның өз егемендігін нақты жүзеге асыруы Республикалық Жоғары Кеңесімен 1990 жылы 25 қазанда қабылданған тарихи үлкен маңыздылығы бар құжаты — Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясынан басталады.

Декларацияның тарихи маңызы республиканың мемлекеттік егемендігіне нақты мазмұн беруімен құнды.

Декларация Қазақстан Республикасының егеменді мемлекетінің мәртебесін іске асырған елдің жаңа Конституциясы мен басқа да заңнамалық кесімдер әзірлеуге негіз болды. 1991 жылы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңды, 1993 жылғы Қазақстан Конституцияны және қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Ата заңды қабылдауымен тәуелсіздік мемлекет ретінде біздің еліміздің конституциялық ресімдеуінің қалыптасуы аяқталды.

АҚШ-та тәуелсіздік Декларациясының авторы Т.Джефферсон, ал АҚШ Конституциясының атасы Д.Мэдисон, Франция Конституциясының дем берушісі және идеологы генерал Шарль де Голль болса, жаңа тәуелсіз мемлекет — Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдаудың ұйымдастырушысы, дем берушісі және авторы Елбасы Н.Назарбаев болғандығы бәрімізге аян.

Қазақстан Республикасы Конституциясының Франция Конституциясына ұқсас тұстары өте көп. Дегенмен де, еліміздің жаңа Конституциясын дайындау барысында қазақ елінің өткен тарихтағы дәстүрлерінің көрініп тұратын болуы да ұмыт қалған жоқ. Елбасы Н.Назарбаев енгізген қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу принциптері ұзақ талас пікірлерден кейін жобаға енгізілді. Аталған принциптердің ішінде Қытай халқының қоғамдық қайраткері және саяси ойшылы Сунь Ятсеннің XX ғасырдың басында ұсынған «халықтық үш принцип» идеяларына ұқсайтындары бар. Оларды атап айтар болсақ — қазақстандық патриотизм, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім, халық игілігі үшін жасалатын экономикалық реформалар. Бұл принциптер Конституцияның халық алдындағы рухын көтеріп ғана қоймайды, Ата Заңның барлық нормаларының осы принциптерге сәйкес келуі қажеттігін де ұғындырады.[3]

Бүгінде біздің еліміз 1995 жылғы Конституция бойынша өмір сүреді. Ол қабылданғаннан кейін Қазақстан өзінің одан әрі даму жолын түпкілікті таңдап алды. Бүкілхалықтық референдумда қабылданған осы Негізгі Заң, шын мәнінде, қоғамдық келісімге айналды, сол бойынша өкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналдыруды өзіне басты міндет етіп алды, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті өз мойындарына алды.

Бүгінгі күні Қазақстан ішкі тұрақтылыққа жетті, әлеуметтік даму базасының сенімділігі қамтамасыз етілді, өңірдегі ең үздік экономика құрылды.

ҚР Конституциясының кіріспесінде Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаттары былай түсіндірілген: “Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз”. Ата Заңның бұл бөлігі саяси және идеологиялық тұрғыдан алғанда аса маңызды. Өйткені бұл Ата заң ҚР-нда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың конституциялық негізін қалады. Осыған орай республика қызметінің түбегейлі қағидалары айқындалады. Олар: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламенттік дауыс беру арқылы шешу (1-бап, 2-тармақ).[4]

Ата Заңның негізгі бөлігінде (I — VIII бөлімдер) азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы, конституциялық құрылыс жайлы, мемлекеттік нысандар жөнінде, мемлекеттік буындардың жүйесі мен мәртебесі туралы (Президент,

Парламент, Үкімет; Конституциялық Кеңес, соттар, және сот төрелігі, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы) нормалар тұжырымдалған. Қорытынды және өтпелі ережелер мазмұндалған соңғы IX бөлімде Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі, конституциялық заңдар мен өзге де заңдарды қабылдау рәсімі сөз болады. Ата Заң құрылымына жасалатын талдау оған негіз болған конституциялық идеялардың айқын көрінісін береді. “Жалпы ережелер” деп аталатын 1 бөлімде жаңа конституциялық құрылысқа сапалық сипаттама берілген, яғни Конституция бойынша республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл бөлімде осыған орай конституциялық құрылысты айқындайтын, мемлекет пен жеке адамдардың және азаматтық қоғамның қарым-қатынастарынан туындайтын негізгі қағидалар тұжырымдалған, олар: Қазақстан халқының толық билігі (егемендігі); Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы; мемлекеттік билікті жүзеге асыру барысындағы пікір еркіндігі; Конституцияның үстемдігі (жоғары тұратындығы); мемлекет билігінің бөлінісі; адам құқықтары мен бостандықтарының мемлекет мүдделерінен басымдығы; мемлекеттік тіл саясатының кепілдігі, т.б.

ҚР Конституциясының жоғары тұрғандығын арнайы мемлекеттік орган — ҚР Конституциялық Кеңесі қамтамасыз етеді. ҚР Конституциясының 74-бабына сәйкес, ҚР Конституциясына кереғар деп танылған заңдар мен халықаралық шарттар қол қойылуға жатпайды немесе тиісінше бекітілуге және күшіне енгізілуге тиіс емес. Заңдарды Конституцияға сай келеді деп тану оларға қол қою мерзімінің басталғандығын білдіреді. Конституцияда баянды етілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектейді деп танылған заңдар немесе өзге нормативтік құқықтық актілер күшін жояды және қолданыстан шығарылады. Сондай-ақ соттар мен өзге де құқық қорғаушы органдардың осындай заңға немесе өзге нормалық құқықтық актіге негізделген шешімдері де орындалуға жатпайды.

Өркенді дамуымыздың басты құжатына айналған, бүкіл халық болып қабылдаған Ата Заңды құрметтеу біздің міндетіміз әрі парызымыз. Конституциямызда Қазақстан азаматтарының міндеттері туралы жазылған бапта Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеу және сақтау көрсетілген. Қазақстанның әрбір азаматы еліміздің негізгі заңының асқақ рухы мен маңызын, Конституцияны қалыптастыру тарихын жақсы білуі керек. Конституцияны құрметтеу және сақтау арқылы және оның тарихы мен маңызын білуімізбен ғана біз өз елімізді, Отанымызды, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және еліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз.

Қазақстан қоғамының ұзақ жылдарға арналған өркенді дамуының бағытын нық айқындап берген Конституцияға біздің де айтар алғысымыз мол. Өйткені, біздің Ата Заңымыз — Қазақстан халқының саналы таңдауы, өркенді дамуымыздың кепілі.

Ата Заңымызды бұлжытпай орындаудың нәтижесінде Отанымыздың бірлігі нығайып, елдегі тұрақтылық пен татулық орнықты. Жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты.[5]

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Ал, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп айқындалды. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық.

Сондай-ақ, халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырып, өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

Конституцияда Республика қызметінің түбегейлі принциптері ретінде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу белгіленді.

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі

Конституцияда Республика қызметінің түбегейлі принциптері ретінде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу белгіленді. Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция. Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы 1993ж. 28 қаңтар
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы 1995ж. 30 тамыз
3. Совет Социалистик республикаларының Конституциясы, 1936ж.
4. Ғ.Сапарғалиев «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы» оқулық, Алматы 1998ж.
5. Жалпы ұлттық республикалық газет «Егемен Қазақстан», 31 тамыз 2010ж.

РОЛЬ СЕМЬИ В СОВРЕМЕННОМ РОССИЙСКОМ ОБЩЕСТВЕ

Салион Татьяна Юрьевна

Студентка АОУ ВПО «ЛГУ им. А.С. Пушкина»

Специальность: Право и организация социального обеспечения

Научный руководитель: Плешков Е.О.

В современном обществе роль семьи как социального института очень значительна. Ведь именно в семье закладываются основные нормы поведения, нравственность, раскрывается внутренний мир человека, личность самоутверждается. Семья дает стимул развития творческой активности. Семья занимает важнейшее место в социальных связях человека. История развития общества – это история развития семьи как социального института, который эволюционирует и претерпевает существенные изменения вместе с обществом. Сегодня семья – ведущий социальный институт, призванный быть инструментом гуманизации общества, социализации личности, преодоления межнациональных конфликтов, достижения гражданского согласия. Семья также является мощным транслятором ценностей от поколения к поколению [1].

Семья – группа людей, объединившихся друг с другом по принципу родства или на основе брака, которая стала важной ячейкой обществ [2]. Так как общество развивается, изменяется, меняется и само отношение, и понимание семьи. В эпоху матриархата, когда власть принадлежала женщинам, каждый знал свою мать, но никто не знал своего отца, вместо семьи были так называемые беспорядочные половые отношения. Затем власть перешла к мужчине, и отец был заинтересован в том, чтобы точно знать, кто его дети, кому передать свое хозяйство, свой дом. Возникла парная семья. Она еще не была скреплена законами и легко распадалась и вновь образовывалась.

С появлением государства и права появились законы и о браке, и постепенно в Европе начала складываться моногамная семья — один мужчина и одна женщина. Однако в